

2024-2025 оқу жылының күзгі семестрі
«6В03205 - Кітапханалық ақпараттық жүйелер»» білім беру бағдарламасы
«Қазақстан библиографиясы» пәні бойынша дәрістер мазмұны

Дәріс 1: Қазақстандағы библиографияның пайда болуы

Негізгі сұрақтар:

1. Орта Азия мен Қазақстанда библиографияның пайда болуы мәселесінің бүгінгі күнгі қарастырылу деңгейі
2. IX-XV ғасырлардағы қолжазбалық библиографиялық тізімдер. Олардың зерттелу дәрежесі
3. Еуропалық және орыс оқымыстыларының Қазақстанды танып білуінің бастаулары

Әдебиеттер:

1. Исмадиева С.А., Курбатова Н.К. Библиография Казахстана: учеб. Пособие. – Павлодар: Кереку, 2016.- 229 с.
2. Библиотечное дело в Казахстане: 1918-1945: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1990. – 189 с.

Қазақ библиографиясының дамуы сонау ежелгі дәуірлерден тамыр алып келеді. Қазақ даласында көптеген шығармалар дүниеге келіп, қазіргі қазақ библиографиясының дамуына үлкен үлес қосып жатыр.

Орта Азия мен Қазақстан жерінде ежелден пайда болған кітапханаларды көптеген бағалы материалдар кездеседі. Тарихтағы атақты адамдардың көбісі сол кітапханалардан өз білімдерін жетілдіріп отырған. Сондай атақты кітапханалардың бірі, Қазақстан мен Орта Азияда атақты болған – Отырар кітапханасы. Бұл кітапхана Қазақстан библиографиясын зерттеу кезінде көп үлес қосты. Бұнда библиография дамуындағы кезеңдерді ашып көрсететін көптеген құжаттар мен мәліметтер сақталған. Осы және басқа да атақты кітапханаларда Қазақстан және Орта Азия библиографиясына үлес қосқан атақты адамдар мен қайраткерлердің еңбектері сақталған.

Дәріс 2-3: XIX ғасырдың екінші жарты жылдығы XX ғасырдың басындағы Қазақстан библиографиясы мен библиографияның дамуына үлес қосқан қайраткерлер

Негізгі сұрақтар:

1. Революцияға дейінгі библиографиялық көрсеткіштердің маңыздылығы
2. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы орыс шығыстанушыларының Қазақстан мен Орта Азия библиографиясына қосқан үлестері
3. Орта Азия мен оған жақын жатқан мемлекеттерді танып білудегі жинақтардың рөлі
4. Атақты кітапханашылардың бірі болып табылатын – Каллимахтың еңбектері
5. Орта Азия мен Қазақстан библиографиясының дамуында өзіндік орын алатын - Махмұд Қашқари
6. Орта Азия мен Қазақстан библиографиясы дамуына өзіндік орын қалдырған ғалымдар – Жүсіп Баласағұни, Әбу-Насыр Әл-Фараби

Әдебиеттер:

1. Библиотечное дело в Казахстан: 1918-1945: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1990. – 189 с.
2. Библиотечное дело в Казахстан: 1946-1975: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1991. – 218 с.
3. Әдебиеттер:
4. Ажеева Е.Ю. Н.В. Здобнов как историк русской библиографии [Текст]: М.: Изд- во Моск. ун- та культуры и искусств, 1994.- 209 с.
5. Астаханов Л.В. Библиография как научный феномен [Текст]: Монография.- М.: 1997. – 338 б.
6. Ахметова С. Өлкетану библиографиясы [Мәтін]: оқулық / С.Ахметова.- Алматы: Қазақстан, 1979. - 62 б.
7. Байболсынова А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері [Мәтін]: жоғарғы оқу орнына арн. / А.Т. Байболсынова. - Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 1998. –106 б.
8. Байболсынова А.Т. Қызықты библиография [Мәтін]: оқу құралы / А.Т.Байболсынова. - Алматы: 1993. – 50 б.

Қазақстан библиографиясының дамуы менен дамыған патшалық Ресей халықтарының экономикасы мен мәдениетінің қайнар көзін ашқан. Ұлы октябрь революциясынан кейінгі дәуір тарихымен тығыз байланысты. Қазақстан Ресейге тәуелді болмай тұрғанда қазақ тілінде кітап бастыру болған жоқ еді. Егер бірді-екілі кітап бола қалса, ол араб, парсы, шағатай тілдерінде шыққан кітаптар болатын. Қазақ кітаптары Қазақстанның өзінде емес, Петербургте, Қазанда, Орынборда, Омбыда, Ташкентте басылды. Көбінесе Қазан Университетінің Кәримовтар мен Хусаиновтардың баспаларынан шығып тұрды. Кітап бастыру жұмысы XIX ғасырдың басынан басталса да, алғашқы кезде өте баяу жүрді.

Сол кездегі ірі библиографтардың бірі В.И Межов болды. 1868 жылдан бастап В.И.Межов Түркістан туралы материалдарды жинақтауды өзіне мақсат етіп қойды. «Түркістан туралы жинақта» физика, география, геология, өлке жайында ғана емес, оның тарихы, этнографиясы, өмірдегі тұрмыс жайында, қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен халықтарының тұрмыс жағдайы туралы материалдар жинақталған.

Дәріс 4: XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы орыс шығыстанушыларының Қазақстан библиографиясына әсері

Негізгі сұрақтар:

1. Қазақстан библиографиясының дамуы кезеңінде орыс ғалымдарының еңбектері
2. В.В. Бартольд зерттеулерінің тұжырымдамасы

Әдебиеттер:

1. Барсук А.И. Библиографоведения в системе книговедческих дисциплин [Текст]: А.И. Барсук. – Москва: Книга, 1975.-206с.
2. Беспалова Ж. Библиография: Новый этап осмысления [Мәтін] // Библиография. – 2005. - №1. – 65 с.
3. Библиография моей жизни [Текст]: Сборник. Очерков.-М.: Книга, 1984.-136 с.
4. Библиографические исследования [Текст] // Справочник библиографа.- СПб., 2003.- С. 536-551., С. 527-530.
5. Вохрышева М.Г. Библиография в системе культуры [Текст] / М.Г.Вохрышева. – Самара: 1993. – 164 с.
6. Вохрышева М.Г. Библиографоведение на границе веков [Текст] // М.Г.Вохрышева. – Библиография, 1999. №6. С. 3-14.
7. Глухов А.Г. Судьбы древних библиотек [Текст] / А.Г.Глухов.-М.: Либерия, 1993.-160 с.

Қазақстан библиографиясының дамуы кезеңінде орыс ғалымдарының еңбектері өте зор болды. Олардың қазақ даласына жүргізген зерттеулері көптеген құпия мәліметтер мен жария болмаған деректерді дүниеге әкелді. Солардың ішінде П.П. Семенов-Тяньшанский, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, И.В. Мушкетов, В.В. Бартольд болды. Олардың қолжазба, географиялық және тарихи-этнографиялық очерктері, ғылыми еңбектерінде қазақтардың ұлттық тарихына, мәдениетіне, экономикасына, діні мен ағартуға қатысты мәселелері бейнеленген.

Радлов Василий Васильевич — Ресей шығыстанушысы, этнограф, археолог, Петербург Ғылым Академиясының академигі (1884 ж.). Полиция қызметкерінің отбасында дүниеге келген. Жасында гимназияда оқыған, Берлин университетін бітірген (1858 ж.). Осы тұста ол араб тілі, парсы тілі, түрік тілі, татар тілі, моңғол, манчжур, қытай тілі, т.б. тілдерді үйренді. Радлов 1858 ж. Ресейге көшіп келіп, Алтай өлкесінде мұғалім болды. Кейіннен Қазан оқу бөлімінің татар, қазақ, башқұрт мектептерінің инспекторы (1871 – 1884 жылдары), Азия (1885 — 1890 жылдары), антропология және этнография (1894 - 1918 жылдары) музейлерінің директоры, Орталық және Шығармалары Азияны зерттеу жөніндегі орыс комитетін құрушылардың бірі, оның басшысы (1903 — 1918 жылдары) болды.

Радловтың ғылыми өмірі үш кезеңге бөлінеді: Алтай, Қазан, Петербург. Алтай кезеңінде (1859 — 71 жылдар) Батыс Сібір, қырғыз даласы, Хакасия, Жетісу аймақтарында тіл, фольклор, этнография материалдарын жинаумен айналысты. Қазан кезеңінде (1871 — 84 жылдары) “Солтүстік түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы” және “Сібірден” (екеуі де неміс тілінде) атты екі еңбегі жарық көрді. Петербург кезеңінде (1884 — 1918 жылдары) “Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі” атты көп томдығы баспадан шыға бастады (әлі күнге дейін толық жарық көрмеген, 4 жинағы шыққан). 1891 ж. ол Ресей ҒА экспедициясын басқарып, Моңғолия жеріндегі Орхон ескерткіштерін зерттеген. 10-нан астам әріп таңбаларын оқып, Кошо-Цайдам ескерткіштерінің фонет.-грамматикалық ерекшеліктері туралы жазды, мәтіндердің орыс тіліндегі транскрипциясын жасады. Әр жылдары “Құтты білік” (1891 — 1910), “Тоныкөк” (1899) ескерткіштерінің аудармасы мен транскрипциясын жариялады.

Семенов-Тянь-Шанский (1906 жылға дейін Семенов) Петр Петрович— Ресей географы, статист, қоғам және мемлекет қайраткері, Санкт-Петербург Ғылым академиясының құрметті мүшесі (1873 ж.), Орыс География қоғамының вице-төрағасы (1873 — 1914 жылдары).

Дәріс 5: XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Қазақстан библиографиясындағы мерзімді басылымдардың алатын орны және олардың атқарған рөлі

Негізгі сұрақтар:

1. Патша үкіметінің мерзімді басылымдарды шығарудағы саясаты
2. Қазақ баспасөзінің тұңғышы «Түркістан уалаятының газеті»
3. «Дала уалаяты газетінің» дүниеге келуі қазақ халқының өткен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға
4. «Айқап», «Қазақ» газеттерінің библиографиядағы алар орны

Әдебиеттер:

1. Байболсынова А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері [Мәтін]: жоғарғы оқу орнына арн. / А.Т. Байболсынова. - Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 1998. –106 б.
2. Байболсынова А.Т. Қызықты библиография [Мәтін]: оқу құралы / А.Т.Байболсынова. - Алматы: 1993. – 50 б.

Қазақ библиографиясы, негізінен, қазақ баспасөзінің даму тарихымен тығыз байланысты. 1900 жылы Қазан қаласында Қазақстан туралы А.Е.Алекторовтың «Указатель книг, журнальных статей и заметок о киргизах» деген көрсеткіші, т.б. орыс ғалымдарының бірен-саран библиография көрсеткіштері жарық көрді. «Айқап» журналының беттерінде жаңа шыққан кітаптар жөнінде хабарлама-деректер мен тізімдер жарияланып тұрды.

Дәріс 6: XX ғасырдың 20-шы жылдардағы библиография ісі

Негізгі сұрақтар:

1. Мемлекеттік баспаханалардың ұйымдастырылуы.
2. Баспалық өнімдерінің жүйелі түрде жариялануы. Оның ұлттық библиографияның қалыптасуына ықпалы
3. Кеңестік Халық Комиссариатының «Библиографиялық істерді РСФСР-ға беру» қаулысы.
4. Қазақ өлкелік комитетінің «Кітапхана ісі жөніндегі» шешімі
5. Түркістан мемлекеттік баспаханасының библиографиялық бөлімі
6. М. Дулатов бірінші қазақ библиографы

Әдебиеттер:

1. Бердигалиева, Р.А. Стратегические императивы развития и модернизации библиотек // Кітапхана әлемі. – 2006.- № 3. – С.6-9.
2. Библиотечное дело в Казахстан: 1918-1945: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1990. – 189 с.
3. Библиотечное дело в Казахстан: 1946-1975: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1991. – 218 с.
4. Байбосынова, А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері. –Алматы, 1998. – 196 б.

Қазақстанда өлкетану библиографиясының дамуы 1920 жылдан басталады. Алматыда өткен бірінші өлкелік съезге қажетті, толғағы жеткен ғылыми мәселе ретінде ұлттық өлкетану библиографиясын дамыту туралы лайықты қарарлар қабылданды.

XX ғасырдың басында республикадағы мәдени құрылыстың бір бөлігінің бірі кітапхана ісі болды. Жергілікті жерлерде ұлттық баспалар жүйесі құрылып, баспа өнімдерін толықтырып, есепке алу, библиографиялау жұмысы жолға қойыла бастады.

1921 жылы қазақ-қырғыз білім комиссиясы ұйымдастырған бес бөлімнің бірі-библиография бөлімі болды. Осы комиссия шығарған «Сана» журналының басты міндетінің бірі- қазақ-қырғыз тілінде және қазақ-қырғыздар туралы бөтен тілде шыққан кітаптар жөнінде ақпарат және олар туралы пікір беріп тұру болды.

1926 жылдың 19 желтоқсанында БКП Қазақ өлкелік комитеті секретариаты республикада

Дәріс 7: XX ғасырдың 20-30 жылдарына дейінгі қазақ тіліндегі мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы

Негізгі сұрақтар:

1. «Қазақ», «Алаш» сияқты ұлттық-бейресмилік газеттердің жариялануы
2. 30-40 жылдарындағы мерзімді баспасөздің маңыздылығы
3. XX ғасырдың 20-жылдарының басында баспасөз саласын өркендету барысындағы қазақ зиялылары
4. 20-30 жылдары саяси оқиғалар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларды айқындаудағы мерзімді

басылымдар

Әдебиеттер:

1. Бердигалиева, Р.А. Стратегические императивы развития и модернизации библиотек // Кітапхана әлемі. – 2006.- № 3. – С.6-9.
2. Библиотечное дело в Казахстан: 1918-1945: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1990. – 189 с.
3. Библиотечное дело в Казахстан: 1946-1975: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1991. – 218 с.
4. Байбосынова, А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері. –Алматы, 1998. – 196 б.

Соңғы жылдары Отан тарихының түрлі салаларында қарқынды түрде зерттеу жұмыстары жүргізіліп, кеңестік дәуірде тыйым салынып келген тақырыптардың сыры мен қырын айқындауға мүмкіндіктер туды. Дегенмен, әлі де терең ғылыми талдау жасап, қайта қарауды қажет ететін мәселелер мен тақырыптар жеткілікті.

Тарихымыздың көмескі деп саналып келген немесе анығына жетіп зерттелмеген мәселелерін қайта қарауда дәстүрлі тоталитарлық жүйенің әдістемелік негіздерінен бас тарта отырып, оны алмастыратын тың негіздер батыл тұрғыда іздестіріліп, зерттеу барысында қолданысқа енгізіліп келеді.

Отан тарихының ең күрделі де түйінді нысаны болған XX ғасырдың 20-30 жылдардағы саяси жағдайлар мен оқиғалар кезеңі белгілі деңгейде зерттелгенімен, бұл тақырыпты концентральды тұрғыда терең қарастыру қажет. Себебі, ғылыми зерттеу бағыттарын алдыңғы қатарға шығарып отырған күрделі тарихи үдерістердің себеп, салдарлы байланыстарын, ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктерін айқындауда тың әдістемелік тәсілдерді қолданып, жаңа бағыттарды игеруді қажет етеді. Бұл жолда мерзімді баспасөзді дерек ретінде қолдану аса орынды.

Дәріс 8: 30-40 жылдардағы Қазақстан библиографиясы

Негізгі сұрақтар:

1. Елдегі әлеуметтік-экономикалық және жағдай мен оның кітап-басу және кітапхана ісіне әсері.
2. Соғысқа дейінгі кезеңдердегі библиографиялық жұмыстарды ұйымдастыру
3. Библиография саласындағы өсу қиындықтары
4. Библиографиялық жұмыстың негізгі бағыттары
5. Ұлттық библиографияның дамуындағы Н. Сабитовтың үлесі

Әдебиеттер:

1. Библиотечное дело в Казахстан: 1918-1945: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1990. – 189 с.
2. Байболсынова А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері [Мәтін]: жоғарғы оқу орнына арн. / А.Т. Байболсынова. - Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 1998. –106 б.

30-жж. басында Москвада орталықтанған «Партбаспа» жұмыс істей бастады. Ол негізінен партиялық-саяси әдебиеттерді шығарып тұрды. Қазақ өлкелік комитеті 1932 ж. 9 мамырда «Партбаспаның» Қазақ бөлімшесін ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды. Орталықтанған билік жүйесі тұсында барлық жұмыс осылай жүргізілді, яғни Москва не істесе, оның көшірмесі шет аймаққа таратылды. 1937 ж. қаңтарда Қазақ КСР ХАК жанынан Қазмембаспасын да, газет-журнал баспасын, республика типографиясын бағындырған полиграфия мен баспа басқармасы құрылады. Мұның өзі қоғамдық-саяси, көркем әдебиет, басқа да әдебиеттерді шығаруға мүмкіндік берді. Дегенмен де, экономика, ауыл шаруашылығы, техника саласы бойынша кітаптар өте аз шықты. Жоғары оқу орындары мен техникумдарға кітаптар, оқу құралдары жетіспеді. Полиграфиялық баспа өнімдері жоғары сапалы деңгейде шықты деп айту қиын.

Дәріс 9: ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы - мемлекеттік библиография орталығы

Негізгі сұрақтар:

1. ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасының даму кезеңдері және негізгі бағыттары
2. ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап библиографиялық ресурстар түрлері: Ағымдағы, Ретроспективтік, Перспективтік библиография
3. ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы - Халықаралық стандарттық нөмірлер (ISBN, ISSN, ISMN) тағайындайтын мемлекеттік библиографиялық ғылыми орталық

Қазақстан баспасы мен баспасөзі библиографиясының тарихы мұрағатқа сүйенсек, Қазақстан баспасөз библиографиясының қолға алынуы 1920 жылдың 30 маусымында Ресей Кеңестік Федеративті Социалистік республикасы (РСФСР) Халық Комиссарлары Советі "РСФСР-дағы библиографиялық істі Оқу Халық Комиссариатына беру туралы" қаулы қабылдайды. Осы қаулы негізінде Қазақстанның сол кездегі астанасы - Қызылордада 1927 жылы Республикалық Кітап палатасы құрылды.

Қазақстан Оқу Халық комиссариаты коллегиясының сол жылғы 15 желтоқсандағы мәжілісінде Кітап палатасының директоры болып В. Мельков тағайындалды. Бірақ, жаңадан басталған Кітап палатасының жұмысы бірден жанданып кете алмаған, оның маңызына мән беріп, болашағына көз жібере қоймағандықтан болар Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің 1931 жылғы 12 наурыздағы қаулысы бойынша, Республикалық кітап палатасы таратылып, оның қорындағы барлық баспасөз өнімі республикалық көпшілік кітапханаларына үлестіріледі. Кітап палатасы өз алдына қызмет атқарған сол аз жылдар ішінде Мәскеу, Ленинградтағы ірі кітапханалардағы көмегі арқасында 40 мыңнан аса кітап қорын құрған. Мерзімді баспасөз өнімдері өз алдына бір бөлек, сонымен қатар жаңадан ғана басталып, өріс алып келе жатқан библиографиялық істер тоқырауға түсті.

Ал, кітапхана болса, әрине олардың жұмыстарының ерекшелігі басқа болғандықтан есептеу-тіркеу библиографиясын жүргізе алмаған.

Ол жылдары есептеу-тіркеу библиографиясы тек Одақ көлемінде ғана жүргізілді. Бүкілодақтық кітап палатасы, әрине Қазақстанда шыққан орыс кітаптарының ғана есебін жүргізді.

Ал қазақ баспасөз өнімдерінің есебі жүргізілмей, нақты дерек болмаған. Баспасөз өнімдері реттелмеген, жіктелмеген, есебі де шықпаған.

Дәріс 10: Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан библиографиясы

Негізгі сұрақтар:

1. Республикадағы халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру ісі
2. Мәдени-ағарту мекемелері мен кітапханалардың жұмыстарын нығайту
3. Республикалық кітапхананың ұсыныстық библиография саласындағы қызметі
4. 50-60 жылдардағы баспасөздік туындылардың әртүрлі түрлерінің ағымдық библиографиялануы
5. Республикалық кітап палатасының қызметі ағымдық және ретроспективтік библиография орталығы ретінде
6. Ұсыныстық библиография
7. Өлкетанымдық библиография

Әдебиеттер:

1. Библиотечное дело в Казахстан: 1946-1975: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1991. – 218 с.

Соғыстан кейінгі кезеңде 1949 жылдан Қазақстандағы өлкетану библиографиясының дамуындағы жаңа кезең ашылды. Оның қалыптасуына Қазақстан КП ОК қаулысы мен ҚазССР Министрлері Кеңесінің 1947 жылғы 20 қыркүйектегі "Кітапханалардың жұмысын жақсарту шаралары туралы" шешімі септігін тигізді осы құжаттарда барлық түрдегі өлкетану библиографиясын кеңейту, ірі кітапханалардың анықтамалық библиографиялық бөлімдерін күшейту қажеттілігі көрсетілді. Библиографиямен көптеген ғылымдар шұғылданды: Қазақ өлкетану библиографиясының бас библиографы Г.П.Царевтың «Что читать по животноводству» (1953), С.Акашевтің «Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру» (1965), қазақ әдебиеті библиографы Ә. Нарымбетовтың 4 томдық «Қазақ әдебиеті» (1т., 1970), Г.А.Деменеваның «Животный мир Казахстана 1960-1970» (1997), т.б. кітаптар жарыққа шықты. Жалпы мемлекеттік ауқымда ұсыныстық библиографияны ұйымдастыру КОКП «О литературной критике и библиографии» (1940 ж.) қаулысымен тікелей байланысты. Егер кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ұсыныстық библиография көпшілік халықтың мәдени мешеулігі мен сауатсыздығын жоюға септігін тигізсе, ал содан кейінгі кезеңде ол еңбекшілердің білімдерін тереңдетуге олардың жан-жақты дамуларына, ғылыми дүниетанымдарын қалыптастыруларына жәрдемдесті. Жеке кітаптарды насихаттаудан бастаған ұсыныстық библиография кітап насихаттаудың күрделі, көп салалы, жалпы мемлекеттік жүйесіне айналды. Осы жүйеде ұсыныстық құралдар өзіндік ерекше орын алды.

Дәріс 11: 60-80 жылдардағы Қазақстан библиографиясы

Негізгі сұрақтар:

1. Еліміздегі кітапхана ісі мен библиография, ғылыми-техникалық ақпарат жүйелерін ұйымдастыру салалары бойынша қабылданған маңызды шешімдер
2. Орта Азия және Қазақстан республикаларының кітапхана қыметкерлерінің съезі
3. Библиографиядағы ағымдық және ретроспективті библиографиялық жүйелер

Әдебиеттер:

1. Бердигалиева, Р.А. Стратегические императивы развития и модернизации библиотек // Кітапхана әлемі. – 2006.- № 3. – С.6-9.
2. Библиотечное дело в Казахстане: 1946-1975: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1991. – 218 с.
3. Байбосынова, А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері. –Алматы, 1998. – 196 б.

1961 және 1966 жылдарда Ы.Алтынсариннің мерейтойына байланысты көпшілік кітапханаларға көмек ретінде әдістемелік және библиографиялық құралдар әзірленді, онда Ы.Алтынсарин мерейтойына байланысты көпшілік кітапханаларға көмек ретінде әдістемелік және библиографиялық құралдар әзірленді, онда Ы.Алтынсарин туралы әдебиет іріктемесі көрсетілді. Бірінші басылым 1960 жылы шыққан. Көрсеткіштегі олқылықтар мен оған өңбеген материалдар келесі басылымда ескерілді. Кейінгі көрсеткіштің құрылымы бірінші басылымдағыдай сақталған, КСРО Мемлекеттік библиография орындарында қабылданған схема пайдаланылған. Соғыстан кейінгі жылдарда ұсыныстық библиография саяси – тәрбие жұмысының пәрменді құралдарының бірі ретінде аса маңызды рөл атқарды. Әсіресе ұсыныстық библиографияның әдебиет шолулары сияқты нысаны белсенді пайдаланылды, олар кітапхана қызметкеріне тыңдаушылардың кең ауқымдағы аудиториясымен араласуға, кәсіпорындарда, жастардың жатақханаларында, клубтарда, кинотеатрларда, баспасөзде, радиода кітаптарды насихаттауға мүмкіндік жасады.

Дәріс 12: Қазақстан Республикасындағы ұсыныстық және өлкетану библиографиясы: қалыптасуы және дамуы

Негізгі сұрақтар:

1. Ұсыныстық және өлкетану библиографияны ұйымдастыру
2. Ұсыныстық және өлкетану библиография бағыттары

Әдебиеттер:

1. Ахметова С. Кітапханада библиографиялық жұмысты ұйымдастыру.- Алматы, Мектеп, 1987.-112 б.
2. Ахметова С., Ақшалаова Ш. Кітапханадағы библиографиялық жұмыс: ұйымдастыру мен методика.-Алматы, Ана тілі, 1993,- 152 б.
3. Ақшал М.А. Қазақстанның тарих библиографиясының кейбір мәселелері (1991-2007ж.ж.) // Кітапханатану. Библиография. Кітаптану: Мақалалар жинағы / ҚР ҰК; 20-шы шығ.-Алматы, 2008.- 3-10б.
4. Нарымбетов Ә. Қазақтың әдебиет библиографиясы // Библиотека, наука, образование: Партнерство в информационном обществе: Материалы юбилейной научно-практической Конференции, посвященной 70-летию ЦНБ МОН РК. –Алматы, 2004.- С. 124-127.

Ұлттық библиографияда жұмыстың түрлі нысандары, соның ішінде ұсыныстық библиографиясы да қажет болып шықты. Жалпы мемлекеттік ауқымда ұсыныстық библиографияны ұйымдастыру КОКП «О литературной критике и библиографии» (1940ж) қаулысымен тікелей байланысты. Егер кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ұсыныстық библиография көпшілік халықтың мәдени мешеулігі мен сауатсыздығын жоюға септігін тигізсе, ал содан кейінгі кезеңде ол еңбекшілердің білімдерін тереңдетуге олардың жан-жақты дамуларына, ғылыми дүниетанымдарын қалыптастыруларына жәрдемдесті. Жеке кітаптарды насихаттаудан бастаған ұсыныстық библиография кітап насихаттаудың күрделі, көп салалы, жалпы мемлекеттік жүйесіне айналды. Осы жүйеде ұсыныстық құралдар өзіндік ерекше орын алды.

Дәріс 13: Библиография саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстар

Негізгі сұрақтар:

1. Кітапхана ісі мен библиография бойынша ғылыми ерттеу жұмысының жүргізілу жағдайы
2. Жалпы және арнайы библиографиядағы теориялық, әдістемелік проблемалар
3. Ғылыми ерттеу жұмысының ұжымдық формасы
4. Ағымдағы библиография

Әдебиеттер:

1. Нығыметов Е. Қазақстанда мемлекеттік библиографиясының даму тарихынан. -Алматы: 1971.- 123 б.

Кітапхана ісі мен библиография бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының жүргізілу жағдайы. Жалпы және арнайы библиографиядағы теориялық, әдістемелік проблемалар. Кітапхана ісі мен библиография саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың библиографиялық қызмет көрсету ықпалы.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстандағы әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайлар түпкілікті өзгерді. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік, экономикалық өзгерістер өзімен бәрге қоғамдық өмірдің барлық салаларында, ғылым мен мәдениетте, сонымен қатар кітапханалық-библиографиялық қызметте де түбегейлі бетбұрыстарға алып келді. Қазіргі кезеңде ұлттық библиография мәселесіне деген назардың өзектілігі. Қазақстанның ұлттық өркендеуімен, ұлт тарихына деген қызығушылықтың күшеюімен, бүгінгі күн үшін, болашақ үшін орасан мәні бар кітап және басқа да құжаттардың тарих пен мәдениеттің құнды ескерткіштерінің маңыздылығы сияқты процесстер мен байланыстырылады.

Дәріс 14: Қазақстан Республикасындағы Ұлттық библиографияның құрылуы мен дамуы

Негізгі сұрақтар:

1. Республикада ұлттық библиографияның формалары
2. Өлкенің тарихи дамуын және мәдениеті мен мәдени өмірін көрсететін әдебиеттер көрсеткіштері
3. Ұлттық библиографияның өрістеуіне үлес қосқан ғалымдар

Әдебиеттер:

1. Сарыбаев Ш. Ғылым библиографиядан; Акашева С.С. Проблемы развития научных исследований в библиографии и библиографоведении в 90-е г.г.; Смағұлова Тарих ғылымы саласындағы библиографияның маңыздылығы/Библиотека, наука, образование. Партнерство в информационном обществе: Материалы юбилейной научно-практической Конференции, посвященной 70-летию ЦНБ МОН РК / Центральная научная библиотека.-Алматы, 2004.- С.22-23,135-142.

2. Бердығалиева Р.А. Будущее национальной библиографии Казахстана // Кітапхана.-1994.- №3.-С. 14-23; Бердығалиева Р.А. Информационное поле Казахстана // Кітапхана.-2005.-№1. –Б. 14.

Республикада ұлттық библиографияның бой көтеріп, дами бастауы мерзімді баспасөз құралдарымен тікелей байланысты болды. Бұл жұмыс бірнеше формада жүргізілді:

1. қазақ тілінде жарық көрген кітаптардың ағымдағы және ретоспективтік әмбебап және салалық көрсеткішін жасау;
2. орыс тілінде шыққан Қазақстан туралы немесе қазақстандық авторлардың еңбектері туралы ағымдағы ақпарат беру;
3. қоғамдық-саяси мазмұнды ұсыныстық библиографиялық көрсеткіштер құрастыру;
4. баспаға әзірленген, алдағы жылдары жарық көретін әдебиеттер туралы ақпарат беру.

Сонымен, ұлттық библиографиялық ақпараттың алғашқы бастау кезеңі болды. Бұл өз кезегінде кейінгі жылдары республикадағы бірегей библиографиялық жүйенің қалыптасуына және өркендеуіне едәуір септігін тигізді.

Дәріс 15: Библиография саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Негізгі сұрақтар:

1. Библиография саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі кезеңдеріне талдау жасаңыз.
2. Библиография саласында халықаралық байланыс орнатудың себептерін баяндаңыз.
3. Библиография саласындағы халықаралық ұйымдарға талдау жасап, қызметін сипаттаңыз.
4. Дүниежүзілік ақпараттық-библиографиялық бағдарламалар мен жүйелерді баяндап, талдау жасаңыз.
5. ҚР Ұлттық кітапханасының Халықаралық кітапханалық қауымдастықтары мен мекемелерінің федерациясына (ИФЛА) мүше болуын баяндап, кітапхана қызметінің негізгі бағыттарын талдаңыз.
6. ҚР Ұлттық кітапханасының «Еуразия кітапханалық ассамблеясы» мүшелігіне өтудегі маңыздылығына баға беріңіз.
7. ҚР Ұлттық кітапхананың елдегі кітапхана ісін дамыту бағытындағы елшіліктермен түрлі бағыттар бойынша ынтымақтастығына талдау жасаңыз.

Әдебиеттер:

1. Ахметова С. Өлке тану библиографиясы.- Алматы: Қазақстан, 1979.- 62 б.
2. 1998-1999 жылдары өлкетану әдебиетін насихаттау жөніндегі мектеп кітапханалары жұмысының Республикалық байқау-конкурсы туралы // Қазақстан мұғалімі.- 1998.- 24маусым
3. Апрельқызы, А. Өлке мұрасын жинаған кітапханашылар (Қарқаралы қаласына 180 жыл) // Орталық қазақстан.- 2004.- 24 шілде. - Б.2.

Қазіргі кезеңде халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор, өйткені ол:

- қандай да бір елдегі библиографиялық жұмыстың жай-күйін біле алады;
 - өз елінің библиографиялық қызметін түсінуге көмектеседі;
 - халықаралық көрсеткіштерді құруға ықпал етеді;
 - халықаралық ақпараттық жұмыстарды іске асыру жөніндегі жұмысқа жәрдемдеседі;
 - Халықаралық қатынастардың формалары: көпжақты және екіжақты кеңестер, семинарлар, конференциялар болуы мүмкін;
 - басқа елдердің тәжірибесімен танысу мақсатында іссапарлар мен тағылымдамалар жүргізеді;
 - мамандарды даярлауға көмек;
 - ғылыми зерттеулер бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
 - проблемалық комиссиялардағы жұмыс;
 - ғылыми жарияланымдарды бірлесіп дайындау;
 - мерзімді басылымдарды бірлесіп дайындау;
- ұлттық арнайы басылымдардағы өзара жарияланымдар;
- ғылыми әдебиеттермен алмасу.

Библиография саласындағы халықаралық ынтымақтастық XIX ғасырдың соңғы ширегінде пайда болды. Бұл ғылымның, техниканың, мәдениеттің, байланыс құралдарының, көліктің барлық салаларындағы халықаралық қатынастардың қарқынды даму кезеңі болды.

Библиография саласында халықаралық байланыстар орнатудың себептері:

- Өлемдік баспа өнімдерінің үздіксіз өсуі;
- Кітапхана ісін қарқынды дамуы және библиографияның дербес пәнге бөлінуі;
- Алғашқы ұлттық кәсіби кітапхана қоғамдарының, соның ішінде библиографиялық қоғамдардың пайда болуы. Мысалы, Ресейде 1889 жылы Мәскеу библиографиялық қоғамы құрылды, кейінірек Орыс библиографиялық қоғамына айналды.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Ақшал, М.А. Қазақстанның тарих библиографиясының кейбір мәселелері [Мәтін]: 1991- 2007жж. // Кітапханатану. Библиография. Кітаптану: мақалалар жинағы \ҚР ұлттық кітапханасы.- Алматы, 2008. 20 шығ.-3-10 б.
2. Глухов А.Г. Судьбы древних библиотек [Текст].-М.: Либерея, 1993.-160 с.
3. Ахметова С, Ақшалаова М. Кітапханадағы библиографиялық жұмыс; ұйымдастыру мен методика.- Алматы: Ана тілі, 1993.-152 б.
4. Астахова Л.В. Библиография как научный феномен: Монография.- М.:1997.- 338 б.
5. Бердигалиева, Р.А. Стратегические императивы развития и модернизации библиотек // Кітапхана әлемі. – 2006.- № 3. – С.6-9.
6. Бердыгалиева Р.А. Будущее национальной библиографии Казахстана // Кітапхана.-1994.- № 3.- С. 14-23.
7. Библиотечное дело в Казахстан: 1918-1945: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1990. – 189 с.
8. Библиотечное дело в Казахстан: 1946-1975: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1991. – 218 с.
9. Библиотеки Казахстана XXI века: Материалы II съезда библиотечных работников РК, 15-17 окт. 1998 // Библиотечная ассоциация РК. – Алматы, 1999. – 164 с.
10. Байбосынова А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері. -Алматы: ҚР Ұлттық кітапхана. -Вохрышева М.Г. Библиография в системе культуры. - Самара: 1993.-164 б.
11. Давыдова М.И. Литературная библиография. -М.: Либерея, 2005.-96.
12. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы туралы ҚР Президентінің жарлығы: 2004жыл,13 қаңтар. №1277 // ҚР Президенті мен Үкіметінің актілер жинағы.- 2004.-№2.-4,-196.
13. Елеуменов Ш. Кітаптану негіздері. -Алматы: Санат, 1997.-176 б.
14. Библиографические исследования [Текст] // Справочник библиографа.- СПб., 2003.- С. 536-551., С. 527-530.
15. Елеуменов Ш. Қазақтың ата библиографы // Кітапхана әлемі, 2003. - № 3.- Б. 10.
16. Зубов Ю.С. Библиография и художественное развитие личности. -М.: Книга, 1973.-304 с.
17. Коршунов О.П. Библиография: теория, методология. Методика.- М.: Книга, 1986.-288 с.
18. Коршунов, О.П. Библиографоведение: учебник. -М., 1990.- 232 б.
19. Астаханов Л.В. Библиография как научный феномен [Текст]: Монография.- М.: 1997. – 338 б.
20. Ахметова С. Өлкетану библиографиясы [Мәтін]: оқулық / С.Ахметова.- Алматы: Қазақстан, 1979. - 62 б.
21. Вохрышева, М. Г. Библиографическая деятельность: структура и эффективность / М. Г. Вохрышева. - М: Кн. палата, 1989. - 200 с.

22. Коготков, Д. Я. Библиографическая деятельность библиотеки: орг., технология, управление: учеб. для вузов/Д. Я. Коготков. -СПб.: Профессия, 2003. - 304 с.
23. Коготков Д. Я. Библиографическое информирование читателей в библиотеках: учеб. пособие / Д. Я. Коготков. -М.: Моск. гос. ин-т культуры, 1987. - 52 с.
24. Коготоков, Д. Я. Справочно-библиографический аппарат библиотеки: лекция / Д. Я. Коготоков. - М., 1998. - 62 с.
25. Моргенштерн, И. Г. Научная организация библиографического труда: учеб. пособие по спецкурсу / И. Г. Моргенштерн. - 2-е изд., испр. и доп. - Челябинск: Челяб. гос. ин-т искусств- и культуры, 1992. - 104 с.
26. Фокеев В.А. Очерк истории развития библиографоведения [Текст] // В.А. Фокеев. - Мир библиографии, 2003.- №1.- С. 2-5.

Қосымша:

1. Байбосынова А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері [Мәтін]: жоғарғы оқу орнына арн. - Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 1998. –106 б.
2. Галиев, В.З. Библиотечное дело в Казахстане: Вторая половина XIX века. – Алматы, 1998. – 139 с.
3. Қазақстандағы кітапханатану ісі және библиография [Мәтін].- Алматы. – 2007. – 159 б.
4. Михлина И.И. Теоретические вопросы краеведческой библиографии [Текст]. – Библиография, 2003. №3.- С.12-73.
5. Беспалова Ж. Библиография: Новый этап осмысления [Мәтін] // Библиография. – 2005. - №1. – 65 с.
6. Библиография моей жизни [Текст]: Сборник. Очерков.-М.: Книга,1984.-136 с.
7. Библиографические исследования [Текст] // Справочник библиографа.- СПб., 2003.- С. 536-551., С. 527-530.
8. Вохрышева М.Г. Библиография в системе культуры [Текст] / М.Г.Вохрышева. – Самара: 1993. – 164 с.
9. Вохрышева М.Г. Библиографоведение на границе веков [Текст] // М.Г.Вохрышева. – Библиография, 1999. №6. С. 3-14.